

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жол жүрісі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2017 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2017 жылғы 19 шілдедегі № 92-ө өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жол жүрісі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2017 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актінің жобасын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізсін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2017 жылғы 19 шілдедегі
№ 92-ө өкімімен
бекітілген

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жол жүрісі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2017 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

Р/ с №	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Акт нысаны	Орындалуына жауапты мемлекеттік орган	Орындау мерзімі	Нормативтік құқықтық актілердің сапасына, уақтылы әзірленуі м е н енгізілуіне жауапты тұлға
1	2	3	4	5	6
	Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәселелері" туралы 2005 жылғы 22 маусымдағы № 607 және "Жол жүрісі қағидаларын, Көлік				

1.	құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесін бекіту туралы" 2014 жылғы 13 қарашадағы № 1196 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ПМ	2017 жылғы қыркүйек	Е . З . Тургумбаев
2.	"Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу, Механикалық көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау, Емтихандар қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 862 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	бұйрық	ПМ	2017 жылғы қыркүйек	Е . З . Тургумбаев
3.	Жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыратын органдардың көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бекіту туралы	бірлескен бұйрық	ҰҚК (келісім бойынша), ПМ, МКҚ, (келісім бойынша), " Сырбар" СБҚ (келісім бойынша), МҚІСҚА (келісім бойынша), Қаржымині, Қорғанысмині	2017 жылғы қыркүйек	М . О . Қалқабаев

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ПМ - Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі

ҰҚК - Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті

МКҚ - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі

"Сырбар" СБҚ - "Сырбар" Сыртқы барлау қызметі

МҚІСҚА- Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі

Қаржымині - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

Қорғанысмині - Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі